

"Қазақжарылысөнеркәсіп" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 наурыз N 316

"2000-2001 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 маусымдағы N 912 P000912_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Қазақжарылысөнеркәсіп" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның қосымшаға сәйкес еншілес мемлекеттік кәсіпорындары мемлекеттің жарғылық қорға жүз пайыздық қатысуымен "Қазақжарылысөнеркәсіп" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітсін және оның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін 2001 жылдың бірінші жарты жылдығында ашық аукционда сатуды жүзеге асырсын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мына шешімдеріне өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 P990405_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-37-жолмен толықтырылсын:

"123-37. "Қазақжарылысөнеркәсіп" ААҚ".

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 2 наурыздағы
N 316 қаулысына

қосымша

"Қазақжарылысөнеркәсіп" республикалық мемлекеттік
кәсіпорнының қайта ұйымдастырылатын еншілес
кәсіпорындарының тізбесі

- | | |
|------------------------------|------------------|
| 1. Алматыжарылысөнеркәсіп | Алматы қаласы |
| 2. Шығысжарылысөнеркәсіп | Өскемен қаласы |
| 3. Батысқазжарылысөнеркәсіп | Ақтөбе қаласы |
| 4. Қарағандыжарылысөнеркәсіп | Қарағанды қаласы |
| 5. Көкшетаужарылысөнеркәсіп | Көкшетау қаласы |
| 6. Қостанайжарылысөнеркәсіп | Қостанай қаласы |
| 7. Оңтүстікжарылысөнеркәсіп | Шымкент қаласы |
| 8. Тоннельарнайықұрылыс | Алматы қаласы |